

Дебат тақырыбы: «Бұл палата тарихи тұлғаларды мінсіз батыл ретінде көрсету дұрыс емес деп есептейді»

Өткізілген орны: С.Мәуленов гимназиясы

Өткізілген сыныптар: 9–10 сыныптар

Өткізілген күні: 2026 жылғы 13 наурыз

1. Дебаттың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

- Оқушыларды тарихи тұлғаларды объективті бағалауға үйрету.
- Сыни ойлау, талдау және аргументті пікір айту қабілеттерін дамыту.
- Дебат арқылы жастардың ой-пікірін жеткізу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Тарихи тұлғалардың жетістігі мен қателіктерін шынайы көрсету.
2. Дебат ережесін меңгеру және пікірталасқа белсенді қатысу.
3. Ұлттық тарихқа құрметпен қарауға тәрбиелеу.

2. Дебаттың өту барысы

Дебаттың өту барысы

Дебат С.Мәуленов гимназиясында 9–10 сынып оқушылары арасында өтті. Іс-шара 2026 жылғы 16 наурыз күні ұйымдастырылды. Дебатқа қатысушылар екі командадан құралды: Үкімет командасы және Оппозиция командасы, әр командада 4–5 спикер болды. Сонымен қатар, дебатты әділ бағалау үшін 3 мұғалімнен тұратын әділқазылар панелі бекітілді. Дебат стандартты формат бойынша жүргізілді:

Кіріспе сөз – әр команда тақырыпқа өз көзқарасын таныстырды.

Аргументтерді қорғау – бірінші және екінші спикерлер өз позицияларын нақты фактілермен, тарихи мысалдармен және деректермен дәлелдеді.

Ребатт кезеңі – қарсыластың аргументтерін талқылап, сәтті қарсы дәлелдер келтірілді.

Қорытынды сөз – соңғы спикер әр команданың негізгі аргументтерін қорытындылап, тақырып бойынша шешімін ұсынды.

Дебат барысында оқушылар сөз мәдениетін сақтап, өз пікірін дәлелдермен жеткізді. Сонымен қатар, қатысушылар тарихи тұлғалардың жетістіктері мен кемшіліктерін талдап, объективті пікір айтуға тырысты.

Көрермендер ретінде басқа сынып оқушылары қатысып, спикерлерге қолдау білдірді. Іс-шара соңында әділқазылар әр спикердің сөзін, аргументтерін және коммуникативтік дағдыларын бағалады.

Дебат тәрбиелік мәнге ие болып, оқушылардың сыни ойлау, тарихи білім және пікірталасқа қатысу қабілетін дамытуға бағытталды.



3. Тәрбиелік мәні

- Оқушылардың сыни ойлау қабілеті дамыды.
- Тарихи тұлғаларды тек мадақтау емес, шынайы бейнелеу қажеттілігін түсінді.
- Командалық жұмыс арқылы ұжымдық қарым-қатынас пен өз ойын жеткізу дағдылары нығая түсті.

4. Ұлттық құндылығы

- Қазақ тарихындағы тұлғаларды объективті бағалау арқылы ұлттық сананы қалыптастыруға үлес қосылды.
- Батырлық пен ұлттық дәстүрлерді дұрыс көрсету арқылы оқушылардың патриоттық сезімі артты.
- Тарихи тұлғаларды шынайы бейнелеу жалған идеалдардан сақтайды, жастардың шындыққа сүйенуін дамытады.

5. Қорытынды

Дебат нәтижесінде оқушылар тарихи тұлғаларды тек мадақтау арқылы емес, олардың жетістігі мен қателігін ескеру қажет екенін түсінді. Іс-шара оқушылардың тарихи санасын, сыни ойлауын және сөз мәдениетін дамытуға тиімді болды.

Орындаған: Қарағұлова Н.Қ